




# Аршалы айнасы

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ  
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

5 ТАМЫЗ, ЖҰМА.  
2016 ЖЫЛ, №33 (513)

7 тамыз — Көлік қызметкерлері күні

## Аудан әкімінің құттықтауы



Құрметті көлік саласының қызметкерлері!

Дәстүрге сай, біз тамыз айының алғашқы жексенбісінде Көлік қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өтеміз.

Бұл саланың ел экономикасындағы маңызына баға беру — өте күрделі. Өйткені, дамыған көлік инфрақұрылымынсыз халықтың лайықты өмір сүру деңгейі туралы және өндірістік өсім туралы сөз қозғау мүмкін емес.

Көлік инфрақұрылымының аса маңызды құрылымдарының бірі кәсіпорындар мен халықты жолаушы және жүк тасымалы қызметімен қамтамасыз етіп отырған автокөлік саласы екені сөзсіз. Бұл жерде тек жүргізушілердің ғана емес, көлік жөндеушілердің, диспетчерлер мен кондукторлардың, барлық инженерлік-техникалық қызметкерлердің еңбегі зор. Олардың барлығын өз ісіне берілгендік пен тапсырылған іске деген

жауапкершіліктері даралап тұрады.

Біз бүгін барлық көлік құрылымы қызметкерлеріне алғыс айтуға тиіспіз. Сондай-ақ, олар жеткен жетістік деңгейінде тоқырамай, біздің алда тұрған ортақ міндеттерімізді шешуге инновациялық мақсатпен келеді деп сенеміз.

Біз ұзақ жылдар бойы осы салада қызмет атқарып, өз іздерін басып, істерін жалғастыратын лайықты буын тәрбиелеген аға ұрпақ өкілдеріне, яғни, осы саланың ардагерлеріне шексіз алғысымызды білдіреміз.

Қымбатты достар!

Баршаңызды Көлік қызметкерлерінің мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге және жақындарыңызға мықты денсаулық, бақыт және еңбектеріңізге табыс тілейміз.

А. ТАЙЖАНОВ,  
Аршалы ауданының әкімі.

## ӨНЕРКӘСІП МАҚТАНЫШТАРЫ



Бахтияр Бейсембин "КазШпал" АҚ ең алғаш жаңа технологиялық желі құрылғаннан бастап — панельқұрылысы — саласында еңбек етіп келеді. Оны расында үздік өндірушілердің қатарына жатқызуға болады. Қазіргі уақытта ол ұжымның жасстар арасындағы желі шебері деп айтуға болады. Бахтияр шебер ұйымдастырушы, жауапты және адал адам. Өзінің ісінің жетік білгірі дегуге де болады. Бос уақытын текке өткізбей спортпен айналысады, жаттығу залына барып дене бұлшығын баптайды. Ал бұның барлығы ертең жұмыс жасауына көмектесетінін ол жақсы біледі.

Суретте:  
Б. БЕЙСЕМБИН  
Суретті түсірген  
С. ВЕТРОВ.

## ҚҰБЫНДЫҚТАРҒА ҚАРАМАСТАН ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА

«КазШпал» АҚ бас директоры Р. И. Ивановамен сұхбат

Биылғы жылы ауданымыздағы «КазШпал» АҚ — себепкер шарты негізгі өнеркәсіптік кәсіпорынның құрылғанына елу жыл толып отыр. Осыдан тура елу жыл бұрын зауыттың өндірістік цехтарынан бірінші рет аса маңызды және қажетті өнімдердің бірі саналатын темір-бетон шпалдары шығарыла бастады. Жақсы жұмыс көрсеткіштері бойынша кәсіпорын қысқа мерзімде бүкіл бұрынғы Кеңес Одағына белгілі болды. Өнеркәсіптік нысаны аудан тіршілігіне оң жағынан әсер еткені сөзсіз. Тұтас бір тұрғын шағын ауданы салынып, онымен бірге бүкіл инфрақұрылым, тұрғындар саны өсіп, жергілікті бюджетке қажетті салық түсімдері түсе бастады. Елу жыл ішінде кәсіпорын аудан, облыс және республика экономикасының дамуына үлкен үлес қоса отырып, соңғы жылдары жаңа технологияларды игеруде. Өкінішке орай бүгін «КазШпал» АҚ-күрделі кезеңді бастан өткеруде. Нөмір бірінші мәселе тұрақты қорлардың болмауынан зауыт қызметкерлерінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруде. Енді не істеуге болады? «КазШпал» АҚ бас директоры Р. И. Ивановамен — ол осы ұжымда 15 жыл бойы басшылық етеді (жалпы еңбек өтілі, оның зауытта 47 жыл). Біздің әңгімеміз осы тақырыпта өрбиді.

— Раиса Ивановна, проблемаларсыз жұмыс істеу өте қызық сияқты ойлар бола ма сізге?

— Еңбек ету әрқашан қызықты, әсіресе, істе сурақтар көп болса. Ал мәселердің мәнісі әртүрлі. Тапсырыстардың тұрақты болмау

себебінен зауыттың толық қуатын қосуға мүмкіндік бермейді. Бұл менің басты бас ауруым. Дегенмен, басқа да бірқатар мәселелер де баршылық. Солармен айналысу керек. Өйткені, өмір бір орында тұрмайды...



— Сонда да, бұл жағдайдан қалай шығасыздар?

— Біріншіден, қазіргі таңда зауыт жұмыс істейді — бір айта кетерлігі оған кәсіпорынның бас акционері Асқар Ахметұлы Назаровтың еңбегінің үлесі зор. Ол үнемі

ізденісте жүреді. Сол кісінің арқасында бізде жаңа мүмкіндіктер желісі пайда болды. Соңғылардың бірі — 4 желісінің панельқұрылысы (үй құрылысы комбинаты). Тұтынушымыз — Астана қаласы. Отанымыздың есебінен біздің өнімге қазірдің өзінде 12 қабатты тұрғын үй салынып, жаңа тапсырыстар түсті, темір-бетон шпалдары, жабу плиталары, іргетас блоктары, қырлы бөренелер жолын шығаруды жалғастырудамыз. Кәсіпорын қолынан келетін кез келген өндіру жұмыстарын жүзеге асыруда, басқаша болуы мүмкін де емес. Өйткені, біздің артымызда адамдар тұр.

— Раиса Ивановна, бәрі де салыстыру арқылы айқындалады. Бұл тұрғыда «КазШпал» АҚ 2016 жылдың қаңтар-шілде айларындағы өндірістік көрсеткіштері бытырғы жылмен салыстырғандағы жоспары қалай?

— Барлығы өндірілген өнімнің заттай көріністегі 13612 м3 (өткен

— 7705 м3), оның ішінде темір-бетон шпал — 108156 дана (өткен — 29254 дана), қабырғалық панельдер, такталар нығайту — 1457 м3 (өткен жылы — 1212 м3), бөренелер бағыттамалық бұрмаларды — 62,0 к-т (былтыр — 54 к-т), м3 — 2016 жылы — 216 (өткен жылы — 372), жабу плиталары, кума метр 2016 — 8914, 2015 — 23682 шаршы метрмен тиісінше — 208 және 4142. 2016 жылдың 7 айлығында шығарылған барлық тауар өнімі 660753 мың теңгені құрады. Өткен 2015 жыл 471044 мың теңгені құраған. Кәсіпорында бүгінде 255 адам еңбек етуде. (2015 жылы — 210). Көріп отырғандай, көптеген көрсеткіштер былтырғы жылдан айтарлықтай асқан, бірақ бұл бізді қатты қуантқан емес. «КазШпал» АҚ әлеуеті әлдеқайда жоғары, басшысы ретінде мені толық қуатты қосып жұмыс істей алмай отырғандығымыз бен азаматтарды қосымша жұмыс орындарымен қамтамасыз ете алмай отырғандығымыз өте алаңдатады. (Жалғасы 2 бетте.)

## ӨНЕРКӘСІП МАҚТАНЫШТАРЫ



АЛЕКСАНДР ДОРОШЕНКО

Өте қызықты және көптеген белгісіз кәсіп иегері Александр Дорошенко — станция машинистісі әрі ішекті керу маманы. Барлық жерде өз шеберлігің, қабілетің жинақтаған тәжірибең болуы шарт. "КазШпал" АҚ жұмыс істейтін Александрдың еңбек өтілі он бес жыл. Ол бірінші шпал өндірісі бойынша технологиялық желісінде қызмет істейді. Ол осы бір ортақ іске лайықты үлесін қосып келеді.



ҚАЙРАТ АҚШОЛАҚОВ

Белгілі бір дәрежеде шпал өндірісі бойынша технологиялық желісіндегі жұмыстың үйлесімділігі пресс машинисі Қайрат Ақшолоқовқа байланысты. Барлық жұмысты ол уактылы және сапалы, аса ыждағаттылықпен істейді. Әріптестері арасында құрметке ие. Ал Аршалы кентіне тұрақты тұруға көшіп келген ол "КазШпал" АҚ алты жылдан бері жұмыс істейді. Оған енді бұл жер шын мәнінде туған жері сияқты болып кетті.



ЕКАТЕРИНА КРУТЛЯК

Екатерина "КазШпал" АҚ жаңадан келген қызметкер емес. Ол осы кәсіпорында алты жыл бойы еңбек етуде. Оның жұмыс орны — вибростол, ол оны шебер басқарып және оның жұмыс бабы бойынша конвейерде ескерту болған емес. Өйткені — ол өз ісінің нағыз шебері. Ол да "КазШпал" АҚ барлық нәзік жандар сияқты жұмыс істейді.



НАТАЛЬЯ ДУШКИНА

Әйел қауымынсыз жұмыстың алға жүрмейтіні белгілі. Олар әрқашан барлық жерде, соның ішінде тіпті өнеркәсіптік өндірісте де керек екені шындық. Наталья Душкинаның кәсіпорында жұмыс істегеніне жиырма бес жыл болды. Ол өз жұмыс орнында таптырмайтын адам. Тәжірибе жұмысында оған тең келер ешкім де жоқ. Жас, жұмысты жаңа бастаған қызметкерлердің кімнен оқып, кімнен үлгі алу керек екені айтпайақта түсінікті сияқты.



ОЛЕГ РЯЗАНОВ

"КазШпал" АҚ жұмыс істейтін Олег Рязановтың еңбек өтілі тоғыз жыл. Соңғы уақытта ол технологиялық желісінде панель құрылыстар саласының бригадирі (үй құрылысы комбинаты). "Казшпал" АҚ — ол үшін туған кәсіпорын, жас болса да ол өзінің жоғары білікті және жауапты маман екенін көрсете білді. Оған кәсіпорын басшылығы соншалықты маңызды аумақты сеніп тапсыруы тегін емес.

7 тамыз — Көлік қызметкерлері күні

## ҚҰБЫНДЫҚТАРҒА ҚАРАМАСТАН ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА

(Басы 1 бет)

Тағы да еске салғым келгені, бұл тұрақты тапсырыстардың болмау салдары болып табылады. Уақыт өте келе жағдай жақсы жағына қарай өзгереді деп сенеміз, ал біз өз тарапымыздан кәсіпорын өз жұмысын одан әрі жалғастыру үшін қолымыздан келгенін істеуге тырысамыз және өнім сапасын жақсартуда ат салысатынымыз сөзсіз.

— Соңғы екі жылда "ҚазШпал" АҚ жылытатын шағын аудан үйлерінің тұрғындары жылуға байланысты қиындықтарды ұмытқан сияқты. Дегенмен, әр күз сайын адамдар қысқы кезенді үреймен күтетіні белгілі. Барлығы да ойдағыдай болады ма? Бұл сұрақ өзекті және

оны қоймау мүмкін емес.

— Тіпті енді уркерлерде біз көп қабатты үйлерге жылу беруді тоқтатқан жоқ екенімізді айта кеткенді жөн көріп отырмын. Тұрғындар алдындағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі деген осы. ТҚШ жүйесінде көптеген мәселелер бар, ол-өте күрделі сала, біз мұны жақсы түсінеміз және әрқашан қолдаймыз, шығындардың бар екенін біле тұра жұмыс істейміз. Бұл жылы жылу беру ғимаратына жаңа қазандық қойып, басқа да қажетті жұмыстарды жүргізудеміз. Сондықтан да, шағын аудан пәтерлерінің қыста жылумен мәселелері болмайды деп сеніммен айта аламын.

— Ранса Ивановна, сіздердің кәсіпорында болған біздің

назарымызға өндірісте еңбек ететін жастар өте көп екені түсті. Және бұл қуантпай қоймайды, бұл жас қызметкерлер еңбекпен шынығып, ауданымыздағы ең үлкен өнеркәсібінде еңбек етіп, үлкен өмірге жолдама алуда. Дәстүр бойынша "ҚазШпал" АҚ кәсіпорының ішінде ең үздіктерін, соның ішінде жастардың атын естісек деген ойдамыз.

— Сөз басында барлық зауыт қызметкерлеріне жағдайды түсінгендері үшін және зауытқа деген адалдықты үшін алғысымды білдіргім келеді. Қалай болғанда да біз әрқашан біргеміз! Олардың ішіндегі ең үздігін атап өту де бір қуанышты сәт. Олардың арасында — Николай Келло,

Наталья Дулкина, Николай Фролов, Олег Киселев, Сергей Ниевин, Валентина Грицаенко, жас өндірісшілер — Вероника Карпова, Олег Рязанов, Бахтияр Бейсембин және басқа да көптеген. Бір қуантарлығы зауытта тұрақты түрде ұрпақтар сабақтастығы қалыптасқан. Ал өз ардагерлерімізге келетін болсақ, олардың саны 180 адамды құрайды. Оларды біз ешқашан ұмытпаймыз. Қоннаққа шақырып, қолымыздан келгенше көмектесуге тырысамыз. Олар өз еңбектерімен осыған лайық. Жастар осы кісілерден үлгі алу керек.

— Біз аудан орталығының тұрғындары әрқашан "ҚазШпал" АҚ жағына қараймыз, өйткені ол біздің қала құраушымыз. Сондықтан да оның әрбір ісі бізді

қызықтырып тұрады. Мәселелер туындайды және туындай бермек, ал өмір жалғасуда. Болашақтағы сіздің ойларыңыз жайында білесек деген ойым бар.

— Бізде үлкен жоспарлар бар, олар қаншалықты іске асырылатынын кәсіпорынның экономикалық жағдайына байланысты екенін айтайын. Өткен жылдары жасалған іс аз емес, мысалы, зауыттың 40-жылдығына арнап саябақ жасадық, аумақты абаттандырып, аудан орталығына көмектестік. Болашақта біз жаңа тұрғын үй шағын ауданын тұрғызсақ деген арманымыз бар (учаскесі бар). Бұл зауыттықтар үшін тамаша сыйлық болар еді.

Сұхбаттасқан П. КЕЦЛЕ.  
Суретке түсірген С. ВЕТРОВ.

Мәдениет жаңалықтары

## ЕСЕП БЕРУ КОНЦЕРТІ ӨТТІ

Газетіміздің өткен санында жариялағандай өткен аптада ауданымыздың Мәдениет үйінде В.Н. Зеленый атындағы халықтық және «Задоринка» халықтық вокалдық ансамблі мен «Мираж» халықтық би ансамблдерінің есеп беру концерті өтті.

Ауданымыздың мәдениет саласына үлкен үлес қосып жүрген бұл ансамблдердің есеп беру кештері яғни, мерейтойлары жоғары деңгейде өтті десек артық айтпаған болармын. Өйткені, В.Н. Зеленый атындағы халықтық ансамбліне 30 жыл, «Задоринка» халықтық вокалдық ансамбліне 31 жыл және «Мираж» халықтық би ансамбліне 20 жыл толып отыр. Бұл үш ансамблдің де өздерінің алған шыңдары, жеткен жетістіктері де баршылық. В.Н. Зеленый атындағы халықтық ансамбль 1986 жылы аудандық

Мәдениет үйінде В.Н. Зеленыйдың жетекшілігімен ерлер хоры болып құрылған болатын.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің бұйрығы бойынша В.Н. Зеленый ансамбліне 1997 жылы «халықтық» атағы беріледі. Бүгінгі жетекшісі Н.В. Трикилов. Ал «Задоринка» халықтық вокалдық ансамблі Ижев ауылында 1985 жылы құрылған. Жетекшісі Р.А. Байдышева. Ансамбльге «халықтық» атағы 2001 жылы берілген. «Мираж» халықтық би тобына келетін болсақ, ол 1996 жылы құрылған. Жетекшісі В.П.



Бакшиев пен жатықтырушысы А.Г. Цуп. Оларға «халықтық» атауы 2013 жылы берілген. 2001 жылы Көкшетау қаласында өткен Ақмола облысының жеке

композиторлары арасындағы облыстық байқауында «Каната о Қазақстан» атты автордың әнімен В.Н. Зеленый ансамблі жүлделі 2 орынды иеленеді. «Мираж» халықтық би ансамблі биыл Астананың туған күні құрметіне орай өткізген Республикалық «Биле, Астана» конкурсына қатысып, 2 орын иегері мен фестивалдың лауреаты атағын жеңіп алды. Ансамблдердің есеп беру кешіне аудан әкімі атынан құттықтауға келген аудан әкімінің орынбасары Әділбек Түлкібайұлы Ибраев ансамбль жетекшілеріне аудан әкімінің алғыс хатын тапсырды. Кешке жиналған жұртшылық ансамблдердің әні мен биін ерекше хошемет пен ыстық ықыласпен тамашалап, шапалақтарын аямады. Абай атамыз айтқандай «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» — демекші олардың шырқаған әрбір әндері бойына



қуш, ойыңа қанат бітіргендей болды. Өйткені, ел мен жер, ана тақырыбындағы әндер мен патриоттық әндерден шашу шашылып, билер биленді. Кеш жиналған қауымның ойынан шығып, өз мәресіне жетті.

М. МЫРЗАТХАНҚЫЗЫ.  
суретке түсірген: С. ВЕТРОВ.



Табиғатты аялайық!

## ТАБИҒАТ - БІЗДІҢ ТІРШІЛІК ОРТАМЫЗ

«Табиғаттан нәр алған ғой жанымыз, ұсынайық жүрек нұрын бәріміз». «Табиғат адам үшін жаралыпты, Бар қызық табиғаттан таралыпты», — демекші, табиғат-сенің асыраушың, қамқоршың.

Ата-бабамыз «Жер-қазына, су — алтын, мал — байлық» деп тегін айтпа-паса керек. Жалпы қазақ халқының бар өмір тіршілігі осы біздің сұлу да көркем табиғатымызбен етене байланысты. Туған жердің тағдыры біздің ата-бабамызды да ерекше толғандырған. Олар өз ұрпақтарына осыншама кең алқатты анталаған жаулардан аман алып қалған. Табиғаттың әрбір ағашын, тасын, бұлағын аялай білген. Табиғатқа аялы алақан, жылы жүрек сезімі, көздің қарашығындай қамқорлық керек екендігіне ерекше мән берген.

«О, туған жер, көк шалғының, көз жетпейтін аскарың,

Жанға жайлы самал желің, бұлтсыз, ашық аспаның.

Жоқ мен үшін дәл өзіндей қасиетті басқа жер,

Сондықтан да жыр жолдарын мен өзіңнен бастадым» — дегендей, туған жеріміздің табиғаты адам айтқысыз әсем әрі бай. Ұшы-қиыры жоқ теңіздей шексіз даласы түкті жасыл кілемдей. Табиғаттың ғажайып көріністері адам жанын жарысымдылықпен үйлесімділікке шақырып тұрғандай. Әсіресе, туған жер ғажайып адамды сезімге бөлеп, шығармашылыққа жетелейді. Туған табиғатымызды аялап, гүлдендіру — өз қолымызды. Табиғат - біздің

тіршілік ортамыз. Олардың барлығы табиғаттың бізге берген сыйы. Табиғаттың тарту еткен сыйын аялау, оған қамқорлық жасау әрбір адамның міндеті.

Табиғат байлығының бір тобы, жер бетінің сәулеті, еліміздің дәулеті — жасыл әлем. Өсімдік өлкемізді түрлендіріп тұрған түкті кілем тәрізді. Халқымыз өсімдікті өмір өзегі деп аялап, одан қамқорлығын еш аямаған. «Атаңнан мал қалғаным, тал қалсын» деген көрнекті сөз соның айғағы. Біздің өлкемізді түрлендіріп табиғат байлығының бір тобын құрайтын өсімдік — жыңғыл, сексеуіл, қамыс және т.б. Қазіргі экологиялық мәселелер бүкіл адам баласын ойландырған кезде халқымыздың бұл салада қалдырған тағылымдылыққа да, тәрбиелікке де мәні зор асыл мұраларына ерекше көңіл бөлу қажет.

Экология — бүкіл адамзат баласының тыныс-тіршілігіне атсалысатын ғылымның жаңа саласы. Қазіргі уақытта өршеленіп тұрған осы экология әсерінен қаншама жаңа туылған жас сәбилеріміз өмірге кеміс болып туылуда. Табиғат өздігінен бұзылып жатқаны жоқ. Барлығын да адамзат баласы өз қолымен жасап жатыр. Мысал ретінде айта кетсем, адам баласы қарапайым

өзен жағасына демалуға барып, тамақтанған тамақтарын, яғни бар қоқыстарын сол отырған жерлеріне тастап шашып кетеді. Оны көрген екіншісі де осылай жасайды. Оны жинақтатын ешкімде жоқ. Міне сұлу да көркем табиғатымызды осылай лас-қоқысқа өз қолымызбен толтырып жатырмыз.

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасы Президентінің «Жасыл ел» бағдарламасы іске асырылды. Жылма-жыл көркем табиғатымызды гүлдендіріп, сұлуланудырып келе жатыр. Қазақстанымыз қабілетті 50 елдің қатарына енуіне көп үлесін қосуда... Осындайда Қорқыт атаның «Қара тауларын құламысын, саялы ағаш сынбасын» дегені — айналадағыңды аялай біл деген аталы сөзі еске түседі. «Қарағайдың түбінен қайырып алған қобызым, Үйеңкінің түбінен үйіріп алған қобызым» деген өлең жолдарында үлкен мән бар.

Аралға да жан ашымай қарадық, Саркылмайтын байлыққа оны санадық.

Талай елді асыраған ежелден Аралдың да бар байлығын тонадық, — демекші, адамзат баласының көз алдында таусылып құрып бара жатқан — Арал. Бүкіл адамзаттың аузынан түспейтін, табиғаттың апатты аймағына айналған Арал тағдыры өзегімізді өртейді.

М. МУХАМЕДИЯРОВА,  
№ 3 Аршалы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Бакытты бол

## СҮЙІКТІ ЖАР БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ

Сүйікті жар болам десеңіз, келесі қағидаларды орындауға тырысыңыз.

Біріншіден. Жарыңызға дәмді тағамдарды әзірлеңіз. Әр еркектің жүрегіне алып баратын ең қысқа жол ол дәмді ас екені көпшілікке мәлім. Екіншіден. Бала-шағаға басты-көзді болып, үй іші таза болса, мұндай үй шаруашылығындағы әйел құнды.

Үшіншіден. Бұл — сенім. Қаншалықты сен білгішсің сен, «Мен саған айттым ғой!», «Мен сенен жақсы білемін» деген сөздерді бірте-бірте ерек жактырмайды. Егер сіз жұбайыңызға сенім білдіріп, маңызды шешімдерді қабылдауға құқық берсеңіз, «Сен өзін жөн көргенін істе, мен саған сенемін» десеңіз, сіз үшін қарды да жағады.

Төртіншіден. Кемшіліктерін жарияламаңыз. Көпшіліктің алдында еріңіздің жақсы істерін асырып, жаманын жасырып жүріңіз.

Бесіншіден. Жұбайыңыздың туған-туыстарымен қатынастарыңыз жақсы болғаны жөн. Ол оны міндетті түрде бағалайды және екеуіңіздің араларында ырың-жырың болған

жағдайларда оның туыскандары сізді қолдайды.

Алтыншыдан. Әрқашанда сексуалды тартымды болыңыз. Сонда жұбайыңыз шеттен көңілді қатынастарды іздемейді.

Жетіншіден. Өзіңіздің талап-тілектеріңізді ұмытпаңыз. Психологтардың айтуынша, егер адам өзгелерге сүйікті болғысы келсе, алдымен өзін-өзі сүйюі керек. Өзіңізді сүйіңіз, ара-тұра еркелетіңіз. Жұбайыңызға да сізді еркелетуге мүмкіншілік беріңіз. Дүкендерде жұбайыңыздың алдында көйлектерге немесе бұйымдарға демонстрация сүйсініңіз. Ал егер ол қалағаныңызды алып берсе, қуанышпен қарсы алып, алғысыңызды айтыңыз. Сонда ол әйелін қуандыру керектігін және еркелету керектігін естен шығармайды.

Сегізіншіден. Өзіңізді күтіңіз. Сұлулық салондық процедуралар қаншалықты қымбат болса да, айына бір-екі рет барып тұрыңыз. Нәтижесінде жарыңыз қасындағы сұлуың әрқашан мақтан тұтады.

АҒЫЛДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА. АУДАНЫҚ ТӨЛ ГАЗЕТІМІЗГЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ ТАНЫТЫП, ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

■ Мемлекеттік стандарт

“ЭСКИЗДІ (ЭСКИЗДІК ЖОБАНЫ) КЕЛІСУДЕН ӨТКІЗУ” МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ М.А. 2016 ЖЫЛҒЫ 17 НАУРЫЗДАҒЫ №137 БҰЙРЫҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2016 ЖЫЛЫ 21 СӘУІРДЕ №13610 БОЛЫП ТІРКЕЛДІ  
«МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ» 2013 ЖЫЛҒЫ 15 СӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫНЫҢ

1) тармақшасына сәйкес 10-бабының  
**БҰЙЫРАМЫН:**  
1. Қоса беріліп отырған «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бекітілсін.  
стандарты  
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті заңнамамен бекітілген тәртіппен:  
1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;  
2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде осы бұйрықтың көшірмесін баспа және электрондық түрде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға, сондай-ақ тіркелген бұйрық алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;  
3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет порталында орналастырылуын;  
4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.  
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.  
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.  
**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы М. Құсайынов**  
**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 17 наурызда № 137 бұйрығымен бекітілді**  
«Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты  
1. Жалпы ережелер  
1. «Эскизді (эскиздік жобаны)

келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).  
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.  
3. Мемлекеттік қызметті Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.  
Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі жүзеге асырады.  
2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі  
4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:  
1) Өтінішті қарау және техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілердің эскизін (эскиздік жобасын) келісу мерзімі, мерзімі 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын дәлелді бас тарту жағдайларын қоспағанда, өтініш берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайды.  
Өтінішті қарау және техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілердің эскизін (эскиздік жобасын) келісу мерзімі, мерзімі 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын дәлелді бас тарту жағдайларын қоспағанда, өтініш берген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.  
Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызмет алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.  
Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті қарауды тоқтату туралы жазбаша дәлелді жауап береді;  
2) көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын тапсыру үшін жол берілетін ең ұзақ күту уақыты – 15 (он бес) минут;  
3) жол берілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 15 (он бес) минут.  
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.  
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу немесе осы стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру.  
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз

түрінде.  
7. Мемлекеттік қызметті жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.  
8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.  
Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүргізіледі. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүргізіледі.  
9. Көрсетілетін қызметті алушыға (не уәкілетті өкілі: құзыретін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға) қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажет құжаттар тізбесі: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес нысан бойынша өтініш; қосымшаға эскиз (эскиздік жоба); Сәулет-жоспарлау тапсырмасының көшірмесі; жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін).  
Өтініштің қабылдануын растау көрсетілетін қызметті берушідегі құжаттар топтамасының көшірмесіне оның қабылданған уақыты мен күні көрсетіп отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі.  
10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз ретінде:  
1) мақсатына қатысты қойылатын талаптар кешеннен;  
2) негізгі параметрлерінен;  
3) объектінің нақты жер учаскесінде орналасуынан;  
4) көшелерді, орамдарды және тұрғын үй алаптарын салудың сәулет-көркем колористикасына сәйкес түсіне қатысты шешімнен ауытқулар болып табылады.  
3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.  
10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін: шағым осы мемлекеттік

көрсетілетін қызметтер стандартының 12-тармағында көрсетілген мекен-жайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, не облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – әкімдік) басшысының атына, не Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына немесе 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 10, Министрліктер үйі, 10-кіреберіс, телефон: 8 (7172) 74-19-28, 74-19-45 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.  
Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы беріледі, не көрсетілген қызметті берушінің, Әкімдіктің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.  
Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі және орны көрсетілген тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.  
Заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылуы тиіс.  
Көрсетілетін қызметті берушінің, Әкімдіктің, Комитеттің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы не болмаса көрсетілетін қызметті берушінің, Әкімдіктің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.  
Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.  
Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.  
11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.  
4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар.  
12. Көрсетілетін қызмет алушының тыныс-тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзылуымен денсаулығының ақаулары бар көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы өтініш беру жолымен көрсетілетін қызмет берушінің қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.  
13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары мына Министрліктің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.  
14. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинет», сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.  
15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефоны Министрліктің интернет-ресурсында: www.economy.gov.kz. орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.  
«Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша нысан \_\_\_\_\_  
Өтініш \_\_\_\_\_  
Өтініш берушінің аты: \_\_\_\_\_  
(Жеке тұлғаның Т.А.Ә. (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы) \_\_\_\_\_  
Мекен-жайы: \_\_\_\_\_  
Телефоны: \_\_\_\_\_  
Тапсырыс беруші: \_\_\_\_\_  
Жобалаушы, No ГСЛ, сана-ты: \_\_\_\_\_  
Атауы \_\_\_\_\_  
Жобаланатын объектінің атауы: \_\_\_\_\_  
Жобаланатын объектінің мекен-жайы: \_\_\_\_\_  
Сізден келісуіңізді сұраймын эскизді (эскиздік жобаны) Мыналар қоса беріледі: \_\_\_\_\_  
Эскиз (эскиздік жоба) Сәулет-жоспарлау тапсырмасын (СЖТ) (көшірмесі) Жеке куәлігі (көшірмесі) \_\_\_\_\_  
Сенім білдірілген өкілдің жеке куәлігі (көшірмесі) Сенімхат (көшірмесі) \_\_\_\_\_  
Қабылдады \_\_\_\_\_  
колы күні: 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_

■ Денсаулық

Көкөністер мен жеміс-жидектер уақыт өткен сайын пісіп-жетіліп жатыр, саңырауқұлақ терушілер торсаптарын ала сала орманға қарай беттеуде. Көп ұзамай үй шаруасындағы әйелдер қысқа дайындала бастайды. Бұл кез қорқынышты улы инфекция болып табылатын – ботулизм инфекциясын еске түсіретін кез.  
Ботулизм несімен қауіпті? Бұл ауру адам организміне ботулизм бактериясының уы әсер етісімен дамиды. Бұл бактериялар ауа жок жерде ғана тіршілік ете алады. Көбінесе олар топырақта өмір сүреді. Топырақтан бұл бактериялар көкөністер мен жеміс-жидектерді консервілегенде, балықты аршығанда және кептіргенде, ал осы дайындалған астан адам организміне түседі. Осылайша ботулизмнің даму үдерісі жүреді.  
Ботулизм – орталық және вегетативті жүйке жүйесін зақымдайтын инфекциялық ауру.  
Қоздырғышы-топырақ, топырақтан суға, судан жеміс-жидекке, одан тамаққа, содан адамның, құстың, балықтың, малдың ішегіне түседі.

Жұқтыру кезеңі 2-24 сағат, кейде 6-10 күн.  
Балалардың бактериаларды жұқтырып алуға бейім екенін ұмытпаған жөн, сондықтан да балаларға үйде консервіленген өнімдерді бермеген дұрыс.  
Көбінесе улануға алдын ала термиялық өңдеуден өткізілмей, үйде дайындалған ауа кірмейтіндей жабылған саңырауқұлақ және көкөніс консервілері себеп болып жатады.  
Тұздалған қияр мен қызанақ банкілерінің сыртынан қарағанда зиянсыздардан еш айырмашылығы жоқ. Онда бактериялардың бар-жоғын сіз иіскеп те, дәмін татып та, түсін қарап та байқай алмайсыз. Банкінің қақпағы торсипы шықпайды, тұздығы немесе маринады бозармайды.  
Айтпақшы, сіркесуы мен тұзы жеткілікті мөлшерде қосылып дайындалған әрі төмен температура-

да сақталған консервілер қауіпсіздеу. Мәселен, ашытылған қырыққабатта бұл бактериялар мүлде болмайды, өйткені олар қышқылдығы жоғары ортадан қорқады.  
Ботулизмнің алдын алу көбінесе үйде консервілеу ережелерінің және сатып алынатын консервілерді тандау ережелерінің, сондай-ақ олар-ды ұстау шарттарының сақталуына байланысты.  
Бақшадан жұлып алған кез-келген көкөнісіңіз немесе жеміс-жидегіңіз топырақтан мұқият тазалануы тиіс екенін есте сақтаңыз.  
Егер «ботулизм» тұтқыны болғыңыз келмесе, ауа кірместей нығыз жабылатын банкілерде саңырауқұлақты тұздаудың қажеті жоқ.  
Балықты ішек-қарны әбден аршылып болған соң сақтау керек.  
Үйде консервіленген өнімдерді қараңғы жерде төмен температурада сақтау қажет.  
Бұл токсин қиын өміршен келеді,

сондықтан оны 100 градустан жоғары температурада 20-30 минут қайнату арқылы өлтіруге болады. Нақ осы процедура ботулизмнің алдын алудың басты тәсілі болып табылады.  
Негізгі белгілеріне мыналар жатады: асқазан-ішек жолдары бұзылуы (құсу, ауыз құрғау, шөлдеу, іш кебу, іш біресе қатып, біресе өту); жұту қиындығы (тамағы ауыру, бітелу, қақалып/шашалу); көру және тыныс алу бұзылуы.  
Ауру асқынған жағдайда пневмония, бұлшықет ауырсынуы, жүрек зақымдануы болады.  
Қалбырда ботулизм уыты бар екендігінің белгісі - оның қақпағы торсипы тұрады.  
Адам ауырып қалса, дереу ауруханаға жеткізілуі қажет!  
Алдын алу жолдары: шикізатты қалбырға саларда, қақтағанда, ұзақ сақтағанда, өңдеуде санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау;

сақтау мерзімі өтіп кеткен тамақтарды қолданбау, қалбырдың қақпағы торсипай тұру керек, шіндегі сұйықтық тың түсіне назар аудару керек; үй жағдайында тұздау, қақтау, қалбырлау кезінде термиялық дұрыс өңдеу керек; қалбырға салар кезде тазалап, салатын тамақтардың концентрациясын дұрыс қолдану керек; қалбырды төмен температурада сақтау керек; жеке бас тазалығын қатаң сақтаңыз, ас дайындарда, қабылдарда, дәретханадан шыққанда, көшеден келгенде қолыңызды сабынмен жаксылап жуыңыз.  
Қолдан үйде консервіленген өнімдерді ешқашан да сатып алмаңыз, өйткені олардың қандай жолмен дайындалғаны белгісіз ғой.  
Аурудың алғашқы белгілері біліне сала дереу медициналық көмекке жүгініңіз, өздігіңізден емделмеңіз!  
**А. ШАРИПОВА,**  
**Аршалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекші маманы.**



## Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2016 ж. 8-14 тамызына дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

**8 тамыз, Дүйсенбі**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**09.05 «Өңір өрнегі-Картина недели»**  
10.00 «Телемаркет»  
10.05 «Актуальная тема». Передача  
10.35 «Телемаркет»  
10.40 «Ақмола KZ». Хабар  
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
**11.00 «Өңір өрнегі-Картина недели»**  
12.00 «Телемаркет»  
12.05 «Әдемі ай». 19 серия  
12.30 «Телемаркет»  
12.35 «Актуальная тема». Передача  
13.00 «Телемаркет»  
13.05 «Ақмола KZ». Хабар  
13.15 «Телемаркет»  
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
**13.30 «Аймақ ақпарат»**  
14.00 Т/с «Арман канатында». 2 серия  
14.50 «Телемаркет»  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.50 техникалық үзіліс**  
17.50 «Экспертное мнение»  
17.55 «Телемаркет».  
**18.00 «Аймақ ақпарат»**  
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир  
19.00 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
19.10 «Салауат». Передача  
19.20 «Телемаркет»  
19.25 «Пәрменді пікір».  
19.30 «Өзекті әңгіме». Хабар  
**20.00 «Аймақ ақпарат»**  
20.30 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
20.40 «Салауат». Передача  
20.50 «Пәрменді пікір».  
20.55 «Телемаркет»  
**21.00 «Аймақ ақпарат»**  
21.40 «Өзекті әңгіме». Хабар  
22.10 «Телемаркет»  
22.15 Т/с «Арман канатында». 3 серия  
23.05 «Телемаркет»  
23.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
23.20 «Салауат». Передача  
**23.30 «Аймақ ақпарат»**  
00.10 Т/с «Отблески». 2,3 серия  
00.150 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**9 тамыз, Сейсенбі**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**09.05 «Аймақ ақпарат»**  
9.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
9.55 «Телемаркет»  
10.00 «Өзекті әңгіме». Хабар  
10.30 «Телемаркет»  
10.35 «Салауат». Передача  
10.45 «Экспертное мнение»  
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
**11.00 «Аймақ ақпарат»**  
11.40 «Телемаркет»  
11.45 «Әдемі ай». 20 серия  
12.05 М/ф «Венди» 5 серия  
12.30 «Телемаркет»  
12.30 «Өзекті әңгіме». Хабар  
12.35 «Телемаркет».  
13.05 «Салауат». Передача  
13.15 «Телемаркет».  
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
**13.30 «Аймақ ақпарат»**  
14.00 Т/с «Арман канатында». 3 серия  
14.50 «Телемаркет»  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.50 техникалық үзіліс**  
17.50 «Экспертное мнение»  
17.55 «Телемаркет».  
**18.00 «Аймақ ақпарат»**  
18.30 «Актуальная тема». Прямой эфир  
19.00 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
19.10 «Наша служба». Передача  
19.20 «Экспертное мнение»  
19.25 «Телемаркет».  
19.30 «Актуальная тема». Передача  
**20.00 «Аймақ ақпарат»**  
20.30 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
20.40 «Наша служба». Передача  
20.50 «Экспертное мнение»  
20.55 «Телемаркет».  
**21.00 «Аймақ ақпарат»**  
21.45 «Актуальная тема». Передача  
22.10 «Телемаркет»  
22.15 Т/с «Арман канатында» 4 серия  
23.05 «Телемаркет»  
23.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
23.20 «Наша служба». Передача  
**23.30 «Аймақ ақпарат»**  
00.10 Т/с «Отблески». 4,5 серия  
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**10 тамыз, Сәрсенбі**  
09.00 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны  
**9.05 «Аймақ ақпарат»**  
9.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
9.55 «Телемаркет»  
10.00 «Актуальная тема». Передача  
10.30 «Телемаркет»  
10.35 «Наша служба». Передача  
10.45 «Пәрменді пікір»  
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
**11.00 «Аймақ ақпарат»**  
11.40 «Телемаркет»  
11.45 «Әдемі ай» 21 серия  
12.05 М/ф «Венди» 6 серия  
12.30 «Телемаркет»  
12.35 «Актуальная тема». Передача  
13.00 «Телемаркет»  
13.05 «Наша служба». Передача  
13.15 «Телемаркет».  
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
**13.30 «Аймақ ақпарат»**  
14.00 Т/с «Арман канатында» 4 серия  
14.50 «Телемаркет»  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.50 техникалық үзіліс**  
17.50 «Пәрменді пікір»  
17.55 «Телемаркет».  
**18.00 «Аймақ ақпарат»**  
18.30 Т/с «Үй болу қиын». 1,2 серия  
19.30 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж.  
19.40 «Телемаркет».  
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле».  
**20.00 «Аймақ ақпарат»**  
20.30 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж.  
20.40 Д/ф «Қажымұқан».  
20.55 «Телемаркет».  
**21.00 «Аймақ ақпарат»**  
21.40 Д/ф «Келбет».  
22.10 «Телемаркет».  
22.15 Т/с «Арман канатында» 5 серия.  
23.00 «Телемаркет»  
23.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
23.15 Д/ф «Еліне еркелеген Еркеғали еді».  
23.25 «Пәрменді пікір»  
**23.30 «Аймақ ақпарат»**  
00.10 Т/с «Отблески». 6,7 серия  
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**11 тамыз, Бейсенбі**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**9.05 «Аймақ ақпарат»**  
9.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
9.55 «Телемаркет»  
10.00 Т/с «Үй болу қиын». 1,2 серия  
**11.00 «Аймақ ақпарат»**  
11.40 «Телемаркет»  
11.45 «Әдемі ай». 22 серия  
12.05 М/ф «Венди» 7 серия  
12.30 «Телемаркет»  
12.35 К/ф «Шерткіш пен тышқан патшалығы»  
13.25 «Телемаркет».  
**13.30 «Аймақ ақпарат»**  
14.00 Т/с «Арман канатында». 5 серия  
14.50 «Телемаркет»  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.50 техникалық үзіліс**  
17.50 «Экспертное мнение»  
17.55 «Телемаркет».  
**18.00 «Аймақ ақпарат»**  
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир  
19.00 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
19.10 «Один день из жизни». Передача  
19.25 «Телемаркет».  
19.30 «Өзекті әңгіме». Хабар  
**20.00 «Аймақ ақпарат»**  
20.30 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
20.40 «Один день из жизни». Передача  
20.55 «Телемаркет».  
**21.00 «Аймақ ақпарат»**  
21.40 «Өзекті әңгіме». Хабар  
22.10 «Телемаркет»  
22.15 Т/с «Арман асуы». 1 серия  
23.00 «Телемаркет»  
23.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
23.15 «Один день из жизни». Передача  
**23.30 «Аймақ ақпарат»**  
00.10 Т/с «Отблески». 8,9 серия  
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**12 тамыз, Жума**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**9.05 «Аймақ ақпарат»**  
9.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
9.55 «Телемаркет»  
10.00 «Өзекті әңгіме». Хабар  
10.30 «Телемаркет»  
10.35 «Один день из жизни». Передача  
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
**11.00 «Аймақ ақпарат»**  
11.40 «Телемаркет»  
11.45 «Әдемі ай». 23 серия  
12.05 М/ф «Венди» 8 серия  
12.30 «Телемаркет»  
12.30 «Өзекті әңгіме». Хабар  
12.55 «Телемаркет»  
13.00 «Один день из жизни». Передача

13.15 «Телемаркет».  
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
**13.30 «Аймақ ақпарат»**  
14.00 Т/с «арман асуы». 1серия  
14.45 «Телемаркет»  
14.50 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.50 техникалық үзіліс**  
17.50 «Пәрменді пікір»  
17.55 «Телемаркет».  
**18.00 «Аймақ ақпарат»**  
18.30 «Актуальная тема». Прямой эфир  
19.00 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
19.10 «Ақмола KZ». Хабар  
19.25 «Телемаркет».  
19.30 «Актуальная тема». Передача  
**20.00 «Аймақ ақпарат»**  
20.30 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
20.40 «Ақмола KZ». Хабар  
20.50 «Пәрменді пікір»  
20.55 «Телемаркет».  
**21.00 «Аймақ ақпарат»**  
21.40 «Актуальная тема». Передача  
22.10 «Телемаркет»  
22.15 Т/с «Арман асуы». 2 серия  
23.00 «Телемаркет»  
23.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
23.15 «Ақмола KZ». Хабар  
**23.30 «Аймақ ақпарат»**  
00.10 Т/с «Отблески». 10,11 серия  
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**13 тамыз, Сенбі**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**9.05 «Аймақ ақпарат»**  
9.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
09.55 «Телемаркет»  
10.00 «Спорт Life». Хабар  
10.10 «Салауат». Хабар  
10.20 «Телемаркет»  
10.25 Д/ф «Жарқын бейне».  
10.45 «Экспертное мнение»  
10.50 «Ақмола KZ». Хабар  
**11.00 «Аймақ ақпарат»**  
11.40 «Наша служба». Передача  
11.50 «Әдемі ай». 24 серия  
12.25 М/ф «Бала – тілі бал».  
12.40 «Экспертное мнение»  
12.45 «Ақмола KZ». Хабар  
12.55 «Телемаркет»  
**13.00 «Аймақ ақпарат»**  
13.40 «Телемаркет»  
13.45 «Спорт Life». Хабар  
13.55 «Салауат». Хабар  
14.05 «Қос қарақшы». 2 бөлім.  
14.30 М/ф «Венди» 9 серия  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.00 техникалық үзіліс**  
17.00 «Экспертное мнение»  
17.05 Д/ф «Келбет».  
17.35 «Экспертное мнение»  
17.40 «Телемаркет»  
17.45 «Спорт Life». Хабар  
17.55 «Наша служба». Передача  
18.05 «Салауат». Хабар  
18.15 «Один день из жизни». Передача  
18.30 «Телемаркет»  
18.35 «Спорт Life». Хабар  
18.45 Т/с «Үй болу қиын». 3 серия  
19.15 «Телемаркет»  
19.20 Т/с «Үй болу қиын». 4 серия  
19.55 «Телемаркет»  
20.00 К/ф «Жұмак»  
21.15 «Телемаркет»  
21.50 К/ф «Жұмак»  
21.55 «Телемаркет»  
22.00 «Е.Спанилиевтың шығармашылық кеші».  
22.45 «Телемаркет»  
22.50 К/ф «Күйініш соққысы»  
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**14 тамыз, Жексенбі**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
9.05 Телесериал  
10.05 «Телемаркет»  
10.10 «Өзекті әңгіме». Хабар  
10.40 «Телемаркет»  
10.45 К/ф «Гекльберридің бастан кешкендері».  
12.25 «Телемаркет»  
12.30 Д/ф «Жарқын бейне»  
12.55 «Телемаркет»  
13.00 «Е.Спанилиевтың шығармашылық кеші».  
13.50 «Салауат». Хабар  
14.00 «Телемаркет»  
**14.05 «Қос қарақшы». 3 бөлім.**  
14.25 М/ф «Венди». 10 серия  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.00 техникалық үзіліс**  
17.00 Т/с «Үй болу қиын». 5,6 серия  
17.50 «Ақмола KZ». Хабар  
18.00 «Телемаркет»  
18.05 «Өзекті әңгіме». Хабар  
18.35 М/ф «Алтын сақа»  
18.45 «Телемаркет»  
18.50 «Один день из жизни». Передача  
19.00 «Актуальная тема». Передача  
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»  
19.55 «Телемаркет»  
**20.00 «Әндер мен жылдар».**  
**Концерт**  
22.00 «Телемаркет»  
22.05 К/ф «Махаббат үштігі»  
23.10 «Телемаркет»  
23.35 К/ф «Бір мезетте»  
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

### Мықты отбасы – мықты Мемлекет

## ШАҢЫРАҚТЫҢ ШАТТЫҚ ТҮШІ

Мерекелік көйлек және ақ бас орамалмен алдымыздан тұра бір келін қарсы алағандай Түрген әкімдігінің өкілдері мен ауылдық округтің ардагерлер кеңесінің өкілдерін Орынтай Рыспаева құшақ жая қарсы алды.Әдемі жымыспен ол бізді кең жайылған дастархан басына шақырды.



Жанұяда молшылық болсын деп тырмысты әрі адамдар арасында сыйлы болуды қалады. Орынтай Алтынқызы тұрмысқа шыққанда небәрі 17 жаста ғана болаты. Күйеуінің ата-анасын жанынан артық жақсы көріп, құрметтей білді. Есесіне ол оның жауабы ретінде махаббатпен және қамқорлыққа

Күміс той, алтын той – осы мерейтойлық күндерді ерлі-зайыпты Рыспаевтар отбасы әлде қашан атап өткенді. Бұған олардың туыстары, әсіресе балалары өте қатты қуануда, өйткені ата-аналары оларға әрдайым үлгі, тату отбасы болуды көрсетіп келеді.Биыл Серік Рахымбекұлы мен Орынтай Алтынқызы өздерінің отбасын құрып, шаңырақ көтергендеріне 60-жыл толғанын атап өтті. Ал қазірдің өзінде оларға 70-тің өзі алыс болсада, олардың көздерінен үшқын, жүздерінен сүйіспеншілік табы кетпегені көрініп тұр. Ең алдымен – 79-жасар күйеу жігіт Серік Рахымбекұлымен әңгімелестім. Оның есінде 1956 жылдың 26 шілдесінде қалай үйленгені туралы естеліктері әлі сайрап тұр. Отбасын құрып, білек түріп үйде, колхозда, кейін совхозда да жұмыс істейді.

ие болды. Орынтайдың мінезіне келетін болсақ, әділ, ашық, батыл, ұқыпты, еңбекқор адам. Ол осындай мінездерін өз келіндеріне үйретті. Бағдат, Әлия және Алма атты келіндері жақсы үй иелері және нағыз отбасының ұйтқылары десе артық емес. Ерлі-зайыпты Рыспаевтар үш ұл өсіріп, тәрбиеледі. Олардың есімдері Еренғайып, Ғабдулғайып және Қанат. Қазір олардың тоғыз немересі, үш шөбересі бар. Серік Рахымбекұлы мен Орынтай Алтынқызы – балалары мен немерелеріне және ауылдастарына үлгілі жандар.

Сізге және Сіздің отбасыңызға денсаулық, жан жылуы мен тату-тәтті отбасы бола берулеріңізді тілеймін!

**В. КРЕПС,**  
Түрген ауылдық округінің әкімі.

### ҒАУҒАРЛЫ-АЛТЫН ТҮЙЛАРЫҢЫЗБЕН!

*Құрметті біздің ата-анамыз, ата-әжеміз Серік Рахымбекұлы мен Орынтай Алтынқызын быылғы ғауһар тойымен құттықтаймыз! Өмірде сырбаз мінездерінен айнымаған, айналасына шапағатын шашып туған-туыс, дос-жарандарына сыйлы болған Өздеріңізге денсаулықтарыңыз мықты болып, Алла берген жасты жасай берулеріңізді тілейміз.*

*Құтты болсын торқалы той қызықтарың, Сыйлай берсін тек жақсылық ұл-қыздарың. Қуантма беріңдер тойдан-тойға шақырып, Туған-туыс, құда-әжекеңат,*

*жсиалың бүкіл жұртың.*

*Жайқалған орман болып бұтақтарың, Өздерің ақылыы боп, қорған балып. Туыстар ортасында жүре беріп, Жұбайлық қос жүректер қатар соғып.*

**Игі тілекпен: балалары, немерелері және шөберелері.**

### Сүйіктімнің сүйген асы

## КӨКӨНІС ТОРТЫ

Қажетті құрамы: 100г маргарин немесе сары май, 2 стақан ұн, 1 жұмыртқа, тұз.  
Ортасына: 2 ас қасық желатин, жарты стақан сүт, 1 кг сүзбе, 1 стакан каймақ, 200г қатты ірімшік, 2 қызыл тәтті бұрыш, ақжелкен, аскөк, 10-15 консервіленген ішіне туралған тәтті бұрыш салынған зәйтүн, 10-15 сүйексіз зәйтүн, 3 черри қызанағы, өсімдік майы, ұнтақ қара бұрыш, тұз.  
**Әзірленуі:**  
Ұнның үстіне жұмсақ маргарин мен жұмыртқаны салып, шымшым тұз сеуіп жұмсақ қамыр илейді. Қамырдың қалыңдығы 5-7 мм етіп жайып, табаға салып, бетін шанышқымен бірнеше жерінен тескілеп, 180 градуста қыздырылған пеште қызғылт түске енгенше пісіреді.  
Аскөк пен ақжелкенді ұсақтап тұрап, ірімшікті үккіштен өткізеді.

Тәтті бұрышты майланған табаға салып, 180 градус қыздырылған пеште 10-15 минут пісіреді. Онан соң қабығын алып тастап, дөнінен тазалап ұсақтап тұрайды.  
Желатинді 40 минут сүтке салып қояды. Онан соң сүтті баяу отта жылытып, желатин түйіршіктері ерігенше араластырады. Сүзбеге қаймақты араластырып, үстіне сүт пен желатин қоспасын, дәмдеуіш пен тұзды салады. Барлығын араластырып, әбден араласқан соң екіге бөледі. Массаның бір бөлігіне көктерді, екінші бөлігіне тәтті бұрышты қосады. Табадағы пісірменнің үстіне көк қосылған сүзбені құйып, бетіне зәйтүндерді салып, үгітілген ірімшікті сеуіп, оның үстінен тәтті бұрыш пен сүзбе қоспасын құяды. Бетін тегістеп, 4-5 сағат тоназтқышта ұстайды. Дайын тортты қызанақ және зәйтүн тілімдерімен әсемдейді.

|                                                                            |                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                    |
|----------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС<br>Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады | РЕДАКТОР<br>М. МЫРЗАТХАНҚЫЗЫ. | Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді. | Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табақ. Тапсырыс № Индекс: 65815. Газет Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ теріліп, басылады. |
|----------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Газетті есепке қою туралы мемлекеттік №7841-Г куәлікті 2006 жылы 16 қарашада Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат Министрлігі берген.